

15 Сулейменова М.Ж., Шаймуханова С.Д. Использование труда заключенных филиалов ГУЛАГа для развития народного хозяйства Центрального Казахстана в 30-40-е годы XX века. // Вестник Семипалатинского государственного университета. - 2001. - №2. - С. 38-43

16 Дильманов С.Д. Производственные достижения Карлага в годы ВОВ // Поиск. Серия гуманитарных наук. - 2000. - №2. - С. 69-75

17 Абдрахманова К.К. Судьбы научной интеллигенции в Карлаге // Вестник Томского Государственного университета. История. - 2013. - №6 (26). - С. 54-62

18 Шотбакова Л.К., Зуева Л.И. Развитие сельскохозяйственного производства в Карлаге: о чем свидетельствуют архивные материалы научно- опытной станции по растениеводству // Материалы республиканской научно- практической конференции, посвященной 75-летию исторического факультета.– Караганда, 2014. – С. 182-187

19 Особлаги в Казахстане: Степной. Песчаный. Луговой. Дальний. – Алматы, 2014. – 1005 с.

1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ

Кажимуратова Ж.

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор Байдалы Р.Ж.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

rbaidali@mail.ru

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін кеңес халқын тағы бір зұлмат ауыр сынақ күтіп тұрды. 1921 жылғы қыста қардың, жазда жауынның болмауы кеңес елінің көптеген өңірлерін әсіресе, Еділ бойы аудандарын құрғақшылыққа ұшыратып, оның соңы ашаршылық нәубетіне әкелді. 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша 20 млн астам адам аштыққа ұшырады [1, 184-б.]. Осы тұста Қостанай губерниясының қазіргі Қостанай облысының халқы да 1920–1922 жылдары аралығындағы ашаршылық қасіретін басынан өткізгенін Бейімбет Майлинның шығармалары мен Қостанай облыстық мемлекеттік архив қорында сақталған тарихи деректерден анық көреміз.

1921 жылы 8-16 наурыз аралығында Ресей Коммунистік партиясының X съезі өтті, ол жаңа экономикалық саясатқа көшу туралы шешім қабылдады. Съезд шешімдерінің орындалуы Қазақстанның дамуындағы қиын кезеңмен - ашаршылықпен сәйкес келді. Қазақстанның көпшілік аудандары етек жайған ашаршылық құрсауында қалды. Орал, Орынбор, Қостанай, Бөкей, Ақтөбе губернияларында себілген астық қатты құрғақшылықтан шықпай қалды, шыққандары жазғы ыстықта қурап қалды. Мал өсірумен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы жайылымдар мен шабындықтар толықтай күйіп кетті. Оның үстіне 1920-1921 жылдардағы ұзаққа созылған қатал қыс Торғай уезінде малдың жаппай қырылуына әкеп соқты. Ашаршылық құрбандарының, аштан өлгендердің саны күн сайын көбейе берді [1, 185-б.].

Ашаршылық отырықшы аймақтарды да қамтыды. 1921 жылғы ақпан-наурыз айларында Қостанай губерниясындағы Исаев-Дедов аудандық кеңестің атқару комитетінің Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесіне жолдаған есебінде аудан тұрғындарының аш екендігі, сондай-ақ жекелеген ауылдардың наразылық білдіріп жатқаны туралы айтылды. Бірқатар аймақтарда шаруалар арасынан мемлекеттік тарсырыс бойынша жиналған астықты рұқсатсыз бөліп алған фактілер атап көрсетілді. Мәселен, Дмитрев селосының екі жүзге жуық әйелі көршілес кентерден қосылған әйелдермен бірге жиналған астықты Орынбор астық қоймасына тапсыруға ашық қарсылық білдірді, «егер сіздер жиналған астықты әкететін болсаңыздар біз аштан қырыламыз» деген ұранмен шықты. Ал, Василев селосының

тұрғындары кәдімгі күн сайынғы таңғы жиында шіркеу қоңырауымен бір мезгілде бір үзім нан мен мал азығы төңірегінде қызу айтыс ұйымдастырды. Олар кеңестердің жергілікті өкілдерін: «бізге астық беріңіздер, әйтпесе біз аштан қырылармыз» деген айқаймен қарсы алды. Никольск селосының тұрғындары, сол кезде кәдімгі дән себу науқанына әзірленген тұқымдық астықты рұқсатсыз өзара бөліп алды [1, 185 б.].

1921 жылғы тамыздан бастап Орынбор, Ақтөбе, Бөкей Орал және Қостанай губерниялары аштықтан зардап шеккен аймақтардың тізіміне ресми түрде енгізілді. 1921 жылдың күзіне қарай Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Орал, Қостанай губерниялары мен Адай уезі тұрғындары аштыққа ұрынды. Ашаршылық 1 558 927 тұрғыны бар 1 048 100 шаршы метр аумақты қамтыды. Осы жылдың қарашасына қарай ашыққандардың саны саны төмендегі кестедегідей болды [1, 185 -186 б.].

Губерниялар	Статистика басқармасының деректері	Әртүрлі деректер
Орынбор	387 500	444 786
Қостанай	264 900	254 816
Орал	384 900	400 000
Ақтөбе	296 100	359 325
Бөкей	176 500	100 000
Барлығы	1 508 900	1 558 927

Қарап отырсақ бес губерния еліміздің батысы мен оған көрші жатқан Қостанай өңірінің барлық халқы бір жарым миллионнан асатын халықтың бір жарым миллионы аштыққа ұшыраған көреміз. Біз бұдан аштықтың орасан зор масштабын көреміз.

Аштықпен бірге сүзек, тырысқақ, оба, діңгене және басқа аурулар да қатар келді. Жұқпалы аурулармен ауырған адамдардың саны республиканың емдеу мекемелерінің мүмкіндіктерінен едәуір асып кетті. Аштық пен қайыршылық күй, эпидемия, ауруханалардың жетіспеуі, осының бәрі аурулар арасындағы өлімнің санын көбейтіп жіберді. Мысалы Қостанай губерниясында аштар мен аурулардың 75 пайызы көз жұмды. [1, 186 б.].

1921 жылдың жазында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен губернияның халқы заттай салықтан босатылды, олар аштыққа ұшыраған адамдар қатарына қосылды. Республикада аштықты жою үшін республикалық және губерниялық комиссиялар құрылды. Қостанай губерниясында аштықты жою жөніндегі төтенше комиссия 1921 жылы 30 тамызда құрылды. Губернияның аштықтан зардап шеккендерге көмек жөніндегі комиссиясының есебі (Помгол.) губернияның барлық аудандарын басып алған ашаршылықтың айқын көрінісін береді. Комиссия есебі бойынша: «Қостанай губерниясындағы ашаршылық 1921 жылдың шілдесінде анықталды, құрғақшылықтың салдарынан губерниядағы егістік алқаптың 60%, ал кейбір аудандарда 75% жойылып кетті, ал қалғандары нашар нәтиже берді. Жұмсалған тұқымның жартысы да ақталмады. Жаздың ортасында шаруалар тұрғылықты жерлерін тастап, губернияның басқа аймақтарына күн көріс қамымен босып кеткен болатын» [2, с. 64].

Алғашқы комиссиялардың бірі Кеңестердің Торғай уездік атқару комитетінің жанынан 1921 жылдың көктемінде-ақ ұйымдастырылып жұмысын бастады.

25 қазанда губернияның барлық аймақтарында аштықтан құтқару комиссиялары құрылды. Біраз уақыттан кейін, дәлірек айтсақ, 15 қарашада олар барлық болыс орталықтарында және ауылдарда ашаршылықпен күресетін нақты шараларды ұйымдастырды. 1921 жылы губернияда – 1 губерниялық комиссия, 8 аудандық, 75 болыстық, 353 ауылдық комиссия құрылды. Жалпы 670 елді мекені бар губерния көлемінде 437 комиссия жұмыс жасады [2, с. 65]. Мәселен аштық жайлаған Торғай уезінің тұрғындарына

губерниялық азық-түлік комитеті көмек ретінде 50 000 пұт астық және көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге тұқым қорынан 500 пұт астық бөлді. Торғай уездік атқару комитетінің 1921 жылғы 12 мамырындағы кеңейтілген отырысында ашыққан халыққа жедел көмек көрсету жөнінде мәселе қаралды. Отырысқа ОАК-нің өкілдері Ә.Жангелдин, С.Арғыншиев, Тимошенко мен Арынғазиев қатысты. Уездік атқару комитеті төрағасының басқаруымен жабдықтау бөлімі, экономикалық және азық-түлік бөлімдері өкілдерінен ашыққан халыққа жедел көмек көрсету үшін комиссия құру туралы шешім қабылданды. Жергілікті жерде комиссия бөлімшелерін ұйымдастыру көзделді [1, 188 б.].

1921 жылдың 15 қарашасындағы санақ бойынша губернияда 192 мыңнан астам адам аштыққа душар болды, олардың ішінде 7,5 мыңы балалар болды. Қыс жақындаған сайын ашығып жатқан адамдардың саны өсті. Бір айдан кейін аш адамдар саны 237 494 адамды құрады. Губерниядағы 537403 тұрғынның 59 пайызы аштыққа ұшырады [3, с. 65].

1921 жылғы шілде айындағы Қостанай губерниясының ашыққандарға көмек жөніндегі комиссияның есебінде Қостанай ауданындағы 59460 адамның 35437 (56%) -сі, Семиозер ауданындағы 30000 адамның 22500 (75%) -і, Денисовск ауданындағы 37000 тұрғынның 34480 (95%) -і, Урицкий ауданындағы 60000 тұрғынның 23414 (33%) -і аштыққа ұшырады [2, с. 65].

Сонымен ашаршылық 1921 жылы Қостанай өңірі тұрғындарының шамамен 75 пайызы аштықтан зардап шекті. Болыстарда, селолар мен қазақ ауылдарында ашаршылық пен бала өлімімен күресті. Мысалы Қостанай уезінің болыстарында 1921 жылы алты балалар үйі жұмыс істеді, онда мыңнан астам бала жатын бөлме мен тамақпен қамтамасыз етілді [1, 188 б.].

Кеңес үкіметі амалсыздан капиталистік елдерден көмек сұрады. Алғашқылардың бірі болып Герберт Гувер басқарған Америкалық көмек әкімшілігі (АРА) көмек қолын созды. Қазақстанның солтүстік облыстары және Қостанай губерниясына АРА-ның Уфа әкімшілігінің азық-түліктері берілді. Бұл миссияны орындауға АҚШ әскерінің отставкадағы полковнигі Уолтер Лаймон Белл жетекшілік жасады. АРА-ның Уфа өңірі ел бойынша ең үлкені еді. Бұл жөнінде Белл қызметтік хаттарында бұл территорияны тұтас Франциядан үлкен, Польшадағы көмектен асып түседі деп жазатын. Америкалықтарға түсінікті болу үшін жергілікті жердің картасы да құрастырылды. АРА-ның іс-әрекеті ресми түрде 1921 жылдың күзінен басталды. Алғашқы кезде көмек дәрігердің тексеруінен өткен, аштыққа ұшырағаны дәлелденген 14 жасқа дейінгі балаларға берілді. Бірақ 1922 жылдың маусымынан бастап балалар 10 625 паек, ересектер 49 886 паек алды [3].

Бұл жөнінде Қостанай облыстық мұрағаттағы 1922 жылдың 4 қаңтарындағы құжатында былай дейді. Қостанай АРА компаниясы қызмет көрсететін территория құрамына қосылған, қаңтар айында балаларды эвакуациялау үшін екі пойызды батысқа жіберуге ұсыныс жасалды. Балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында балаларды эвакуациялау мәселесін тездетуді көтерді [4, 32 п.].

1922 жылы Қостанай қаласында төтенше жағдай туындады. Мұнда қаңтарда - 1200 адам, ақпанда - 500, наурызда - 1500 адам аштықтан қайтыс болды. 1922 жылдың қысы қатты болып, ірі қара малдың қырылуына әкелді. Кеңес Одағының орталық аудандары мен республиканың басқа өңірлері көмек қолын созды. Мәселен, Семей губерниясы Қостанай губерниясының ашыққандарына мал мен азық-түлік жіберді. Мысалы осы Семей жерінен жиналған малды Тобыл-Торғай өңіріне жеткізген Жүсіпбек Аймауытың ерлігін айтуымыз керек.

Ашыққандарға көмек жөніндегі Қостанай губерниясының төтенше комиссиясы жұмыс істеді. Оның өкілдері аудандарды аралап, жағдаймен танысып, қаржы мәселесін сол жерде шешуге тырысты. Сонымен қатар комиссияның өкілдері жан-жақтан жіберіліп жатқан көмекті губернияға жеткізу үшін әр аудандарға сонымен қатар Орынбор, Мәскеуге

іссапарларға шығып жағдайдың қиындығын мәлімдеп отырғанын деректерден көреміз [5, 41 п.].

Қостанай губерниясының жағдайы 1922 жылдың сәуір айының соңынан мамыр айында өзгере бастады. Орталық аштыққа ұшыраған қалалар мен аудандарға айтарлықтай көмек жасады. Аштыққа көмек барлық мемлекеттік органдарда, қоғамдық ұйымдарда, комиссияларда кез-келген түрде көрсетілді. Көктемде барлық дала жұмыстары сәтті болып, астық, бақша және басқа дақылдарды егу үшін барлық шаралар қабылданды.

Кейбір халықаралық ұйымдар (Кызыл Крест, балаларға көмек көрсету жөніндегі Халықаралық одақ және басқалары) мен жекелеген белгілі тұлғалар да көмек көрсетті. Мәселен, Норвегияның әлемге танымал ғалымы және қоғам қайраткері Ф. Нансен КазОАК жанындағы Орталық балалар комиссиясына 4 052 жәшік консерві, 20 жәшік кептірілген нан, 30 пұт медикаменттері бар екі жылжымалы амбулатория берді [1, 190 б.]. 1922 жылдың 12 шілдесінде Қостанайға Англиядан «Квакер достары қоғамы» ұйымының өкілі келді. Олар өздеріне бөлінген аумақтарда Урицк, Денисов, Адамов, Семиозерде ашыққан тұрғындарға көмектесті. Бұлар 1922 жылдың 26 шілдесінде 208 фунт көлемінде ақ ұнның алғашқы партиясын әкеліп, жоғарыдағы аудандарға таратты [3, с. 68].

1922 жылдың шілдесінде губерниядағы жағдай біршама жақсарды. Мамыр, маусым айларында тапсырыс бойынша өнімді жеткізудің күрт артуы халыққа едәуір көмек көрсетуге мүмкіндік берді. Жаз сонымен қатар аштық санының азаюына ықпал етті. 1922 жылдың соңына қарай аштықтан босып кеткен тұрғындар туған өлкелеріне орала бастады. Жергілікті басшылық оларды орналастырумен айналысатын арнаулы комиссиялар құрылды. Олар салықтың барлық түрінен босатылды. Жалпы ашаршылықпен күрес 1923 жылдың жазына дейін жалғасын тапты.

1923 жылы РКФСР Орталық Комиссиясы Қазақстандағы көктемгі егіс жұмыстарына 215 мың пұт тұқымдық астық пен жұмыс көлігін сатып алу үшін 1 441 429 сом бөлді, Тұтынушылардың Орталық одағы арнаулы қорынан Қостанай, Ақтөбе, Орынбор, Орал губернияларының кооперативтік ұйымдарына көмек ретінде 585 мың сом бөлінді [1, 190 б.].

1923 жылдың 1 тамызынан бастап ашаршылықпен және оның салдарымен күрес жөніндегі комиссиялар таратылды.

Қорыта келгенде, 1921-1922 жылдардағы Қостанай өңіріндегі ашаршылықтың куәгері өзіміздің жерлесіміз Бейімбет Майлин осы нәубеттің зардабын, ауқымын 1922 жылы 2 тамызда «Күлпаш», 1922 жылдың айтында «Айт күндері», «Кедей теңдігі», «Аштық құрбаны» деген әңгімелерінде жазып кеткен [6]. Біз архив деректерімен қатар осындай деректерді де қарастыруымыз керек. 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтан сабақ алмағандықтан, он жылдан кейін тағы да қайталанып, одан да асып түсті.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін бес томдық. Т 4. - Алматы: Атамұра, 2010. - 681 б.

2 Костанайская область: прошлое и настоящее. В 2-х ч./Под ред. И.К. Тернового – Костанай: «Авторский коллектив», 2007. Ч. II – 508 с.

3 Прохоров И. Спасительный паек. Интервью Шалгимбеков А.Б. /Казахстанская правда, 5 марта 2021 г.

4 ҚОМА 620-Қ. 2.Т. 44 Іс. «Из протокола №1 совещания при Президиуме ВЦИК о продовольственном положении Кустанайской губернии и помощи детям компанией АРА» 32 П.

5 ҚОМА 670-Қ. 1-Т. 2-Іс. «Приказы по управлению Кустанайского губпомогола. Мандаты сотрудников и удостоверения» 5,12, 26, 41, П.

6 Майлин Б. Шұғаның белгісі. Повестер мен әңгімелер. Алматы, Жазушы, 1974. 608 б.